

«Аскак рухты акын кыз – Фариза!»**Фариза Онгарсынованын кұрметіне арналган поэзиялык кеш**

Арнайы кітапханада казактын белгілі акыны, Мемлекеттік сыйлығынын лауреаты, когам кайраткері Фариза Онгарсынованын 85 жылдыгына арналган “Аскак рухты акын кыз – Фариза!” атты поэзиялык кеші отті.

Іс-шара кору кабілеті нашар балаларга арналган “Үміт” мектеп-интернаты мен химия-биологиялык багыттагы Назарбаев Зияткерлік мектебінін, “Когамга кызмет” әлеуметтік жобасынын және “Асар”еріктілер клубынын катысушыларынын ынтымактастыгы аясында ұйымдастырылды.

Поэзия кешін откізудің максаты: Фариза Онгарсынованын шығармашылығымен және өмір жолымен таныстыру ғана емес, сонымен қатар олардың дарындарын дамытуға, ана тілі мен әдебиетіне деген сүйіспеншілігіне, аға буын мен ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге шабыттандыру болды.

Іс-шара барысында Фариза Онгарсынованын оқушылардың орындауындағы өлендері мен әндері, сондай-ақ өмірі мен шығармашылығы туралы бейнероликтер көрсетілді.

“Аскак рухты акын кыз” поэзиялык кеші көрнекті акынға құрмет көрсетіп қана қоймай, түрлі білім беру және әлеуметтік мекемелер, сондай-ақ волонтерлік ұйымдар арасындағы табысты ынтымақтастықтың үлгісі болды.

Арнайы кітапхана “Когамга кызмет” әлеуметтік жобасынын және “Асар” еріктілер клубынын катысушыларымен бірлесіп адамдарға қазақ халқынын мәдени және рухани құндылықтарын тарату бойынша өз қызметін жалғастыруды жоспарлап отыр.





